

Жуалы ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 146 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 мамырда № 2646 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жуалы ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жуалы ауданы әкімінің орынбасары Айбар Күнтуұлы Әділбақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Құлекеев

Жуалы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "14" сәуірдегі
№ 146 қаулысына қосымша

Жуалы ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (орын)	жергілікті бюджет есебінен (орын)	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	жергілікті бюджет есебінен (теңге)	

Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар					
оның ішінде:					
Шағын орталықтар	50	0	10135	0	0
Балабақшалар	1110	915	22271	32545	4830

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК